

2010 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 14 қаңтардағы N 3 қаулысы. Алматы облысының Әділет департаменті Қаратал ауданының Әділет басқармасында 2010 жылы 11 ақпанда N 2-12-139 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы N 347 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал ауданы әкімдігінің 2010.12.31 N 347 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20-бабының 1, 5-тармақтарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы N 836 қаулысымен бекітілген Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландырудың Ережесіне сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Ақылы қоғамдық жұмыстар ұсыныс пен сұранысқа сай айқындалып, жұмыссыз азаматтар үшін уақытша жұмыс орнын құру жолымен ұйымдастырылсын.

2. Ұйымдардың тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көзі қосымшаға сай бекітілсін.

3. "Қаратал аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі:

1) қосымшаға сай бекітілген уақытша орындалатын қоғамдық жұмыстар өтетін ұйымдармен келісім-шартқа отырсын;

2) қоғамдық жұмыстарға мақсатты топқа жататын және жұмыспен қамту бөлімінде тіркелген жұмыссыз азаматтарды жіберсін;

3) нақты атқарылған қоғамдық жұмысқа ақы төлеуді жеке келісім бойынша, Қазақстан Республикасының жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ең төменгі еңбекақы мөлшерінде атқарылған жұмыс және жұмыс уақыты көрсетілген есеп бойынша жүргізсін.

4. Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009 жылғы 10 ақпандағы 2-12-101 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 6 наурыздағы N 11 "Қаратал" газетінде жарияланған, Қаратал ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы N 9 "2009 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" және нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2009

жылғы 22 сәуірде 2-12-104 нөмірімен тіркелген, 2009 жылғы 8 мамырдағы N 20 "Қаратал" газетінде жарияланған, Қаратал ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 30 наурыздағы N 74 "Қаратал ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 15 қаңтардағы N 9 "2009 жылы ақылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" қаулыларының орындалуына байланысты күштері жойылды деп танылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары
К. Байтаеваға жүктелсін.

6. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім: Қ. Медеуов
Қаратал ауданы әкімдігінің
2010 жылдың 14 қаңтарындағы
N 3 "2010 жылы ақылы қоғамдық
жұмыстарды ұйымдастыру
туралы" қаулысына
қосымша

Ұйымдардың 2010 жылға арналған тізбелері, қоғамдық жұмыстардың түрлері, көлемі мен нақты жағдайлары, қатысушылардың еңбегіне төленетін ақының мөлшері және оларды қаржыландыру көзі

N	Ұйымдар мен кәсіпорындардың аталуы	Уақытша қоғамдық түрлері	орындалатын жұмыстардың	Еңбегіне төленетін ақының мөлшері	Қаржыландыру көздері
1	2	3	4	5	
		Қаланы көркейтіп (талдарды, жол ірге тастарын әктеп), көгалдандыру, санитарлық тазалық өткізу (орталық саябақта, жол жағалауларында, жол қиылыстарында). Орталық стадион мен қалалық демалыс және мәдениет саябағын барынша күтімге алу. Иесіз қалған үйлердің есік-терезелерін қалқалап жабу жұмыстарына қатысу. Талдардың бұталарын тегістеп қию. Талдар егіп, көшеттер мен гүлдерді күту. Қала жолдарын кезекті жөндеуден өткізу жұмыстарын жүргізген кезде ойылған жерлерге құм, тас			

1	Қаратал ауданы әкімінің Қаратал көркейту"	<p>төгу жұмыстарына қатысу. Су жүретін арықтарды тазартып, олардың осал жерлерін бекіту. Ескерткіштерді қалпына келтіру және айналасындағы гүлдерді баптау. Саябақтарды күту мен жол жағаларының шөптерін шауып, талдарын біркелкі етіп қию. Ақпарат орталықтарындағы сайлау науқандары кезеңіндегі жұмыстарды атқаруға көмек көрсету. Жалғыз басты және қарт адамдарға әлеуметтік көмек көрсету. Мәдени және спорттық мақсаттағы ауқымды іс-шараларды (спорт жарыстары, фестивальдар, басқа да әртүрлі мерекелер) ұйымдастыруға көмектесу. Мереке күндеріне дайындалу және соғыс ардагерлеріне, жалғызбасты адамдарға көмек көрсету, аулаларын реттестіруге және де басқа қажетті көмектер көрсету. Қала бойынша тұрмыс деңгейі төмен отбасыларын анықтауға және оларға әлеуметтік көмек көрсетуге қажетті құжаттарды толтыруға көмектесу.</p>	Ең төменгі еңбекақы мөлшерінде	Жергілікті бюджет
2	Тастөбе ауылдық округі	<p>Ауылдық округтерді көркейтіп, көгалдандыру. Тұрғын ауылдарды қоқыстан тазартып, аймақтың экологиясын жақсарту. Арықтарды тазартып, осал жерлерін бекіту, тас, қиыршық, құм дайындау. Әлеуметтік мәдени ошақтың ауласын қоқыстан тазартып, қоқыстарды шығарып тастау. Ескерткіштерді өңдеп, күту. Тұрмыс деңгейі төмен отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек алуы үшін құжаттарын толтыруға көмек көрсету. Мәдени және спорттық мақсаттағы ауқымды іс-шараларды (спорт жарыстары, фестивальдар, басқа да әртүрлі мерекелер) ұйымдастыруға көмектесу. Ағаштар отырғызып, шарбақтар тұрғызып, оларды сырлау. Мереке күндеріне дайындалу және соғыс ардагерлеріне, жалғызбасты адамдарға көмек көрсету. Ақпарат орталықтарындағы сайлау және әлеуметтік іс-шаралар</p>	Ең төменгі еңбекақы мөлшерінде	

		науқандары жұмыстарды көрсету.	атқаруға	кезеңіндегі көмек	Жергілікті бюджет	
3	Айту ауылдық округі	Ауылдық көгалдандыру, Жасталап, ауылдарды аймақтың Арықтарды жерлерін құм ошақтардың тазартып, тастау. күту. отбасыларына көмек толтыруға және ауқымды жарыстары, да ұйымдастыруға Ағаштар тұрғызып, күндеріне ардагерлеріне, адамдарға Бұзылған тазалау. орталықтарындағы элеуметтік науқандары жұмыстарды көрсету.	округтерді (Көкпекті, Қожбан). қоқыстан экологиясын тазартып, бекітіп, тас, Әлеуметтік ауласын қоқыстарды Ескерткіштерді Тұрмыс деңгейі атаулы алуы үшін көмек көрсету. спорттық іс-шараларды фестивальдар, әртүрлі мерекелер) отырғызып, оларды сырлау. дайындалу және жалғызбасты көмек үйлердің орындарын Ақпарат іс-шаралар кезеңіндегі атқаруға	көркейтіп, Айту, Тұрғын тазартып, жақсарту. осал киыршық, мәдени қоқыстан шығарып өңдеп, төмен әлеуметтік құжаттарын Мәдени мақсаттағы (спорт баска мөлшерінде) шарбақтар Мереке соғыс қарт көрсету. орындарын сайлау, іс-шаралар кезеңіндегі көмек	Ең төменгі еңбекақы мөлшерінде	Жергілікті бюджет
		Ауылдық көгалдандыру, Көкдала, ауылдарды аймақтың	округтерді (Ескелді, Қайнар). қоқыстан экологиясын	көркейтіп, Қызылжар, Тұрғын тазартып, жақсарту.		

4	Ескелді ауылдық округі	<p>Жолдарды жөндеп, арықтарды тазартып, осал жерлерін бекіту, тас, қиыршық, құм дайындау. Әлеуметтік мәдени ошақтардың ауласын қоқыстан тазартып, қоқыстарды шығарып тастау. Тұрмыс деңгейі төмен отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек алуы үшін құжаттарын толтыруға көмек көрсету. Мәдени және спорттық мақсаттағы ауқымды іс-шараларды (спорт жарыстары, фестивальдар, басқа да әртүрлі мерекелер) ұйымдастыруға көмектесу. Ағаштар отырғызып, шарбақтар тұрғызып, оларды сырлау. Ұлы Отан соғысына қатысушыларға арналған мемориалды әктеп, сырлау, айналасын тазарту. Соғыс ардагерлеріне, жалғызбасты қарт адамдарға көмек көрсету. Ақпарат орталықтарындағы сайлау, әлеуметтік іс-шаралар науқандары кезеңіндегі жұмыстарды атқаруға көмек көрсету. Бұзылған үйлердің орындарын тазалау.</p>	Ең төменгі еңбекақы мөлшерінде	Жергілікті бюджет
5	Қарашеңгел ауылдық округі	<p>Ауылдық округтерді көркейтіп, көгалдандыру (Кәлпе, Қанабек, Қарашеңгел, Айдар). Тұрғын ауылдарды қоқыстан тазартып, аймақтың экологиясын жақсарту. Жолдарды жөндеп, арықтарды тазартып, осал жерлерін бекіту, тас, қиыршық, құм дайындау. Әлеуметтік мәдени ошақтардың ауласын қоқыстан тазартып, қоқыстарды шығарып тастау. Тұрмыс деңгейі төмен отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек алуы үшін құжаттарын толтыруға көмек көрсету. Мәдени және спорттық мақсаттағы ауқымды іс-шараларды (спорт жарыстары, фестивальдар, басқа да әртүрлі мерекелер) ұйымдастыруға көмектесу. Ағаштар отырғызып, шарбақтар тұрғызып оларды сырлау. Соғыс ардагерлеріне, жалғызбасты қарт адамдарға көмек көрсету.</p>	Ең төменгі еңбекақы мөлшерінде	

		Ақпарат элеуметтік наукандары жүргізуге Бұзылған тазалау.	орталықтарындағы кезеңіндегі көмек үйлердің	сайлау, іс-шаралар жұмыстар көрсету. орындарын	Жергілікті бюджет	
6	Елтай ауылдық округі	Ауылдық көгалдандыру Тұрғын тазартып, жақсарту. ауылшаруашылық қатысу. осал қиыршық, Әлеуметтік ауласын қоқыстарды Тұрмыс отбасыларына көмек толтыруға және ауқымды жарыстары, да ұйымдастыруға ардагерлеріне, адамдарға Ақпарат элеуметтік наукандары жұмыстарды көрсету.	округтерді (Елтай, ауылдарды аймақтың Арықтарды жерлерін құм мәдени қоқыстан шығарып деңгейі атаулы алуы көмек спорттық іс-шараларды фестивальдар, әртүрлі көмектесу. жалғызбасты көмек орталықтарындағы атқаруға	көркейтіп, Сарыбұлақ). қоқыстан экологиясын Маусымдық жұмыстарына тазартып, тас, дайындау. ошақтардың тазартып, тастау. төмен әлеуметтік құжаттарын Мәдени мақсаттағы (спорт баска мерекелер) Соғыс қарт көрсету. сайлау, іс-шаралар кезеңіндегі көмек	Ең төменгі еңбекақы мөлшерінде	Жергілікті бюджет
		Ауылдық көгалдандыру Ұмтыл).	округтерді (Жаңаталап, Тұрғын	көркейтіп, Оян, ауылдарды		

7	Балпык ауылдық округі	<p>қоқыстан тазартып, аймақтың экологиясын жақсарту. Маусымдық ауылшаруашылық жұмыстарына қатысу. Арықтарды тазартып, осал жерлерін бекіту, тас, қиыршық, құм дайындау. Әлеуметтік мәдени ошақтардың ауласын қоқыстан тазартып, қоқыстарды шығарып тастау. Тұрмыс деңгейі төмен отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек алуы үшін құжаттарын толтыруға көмек көрсету. Мәдени және спорттық мақсаттағы ауқымды іс-шараларды (спорт жарыстары, фестивальдар, басқа да әртүрлі мерекелер) ұйымдастыруға көмектесу. Соғыс ардагерлеріне және жалғыз басты қарт адамдарға көмек көрсету. Ақпарат орталықтарындағы сайлау, әлеуметтік іс-шаралар науқандары кезеңіндегі жұмыстарды атқаруда көмек көрсету.</p>	Ең төменгі еңбекақы мөлшерінде	Жергілікті бюджет
8	Бастөбе ауылдық округі	<p>Ауылдық округтерді көркейтіп, көгалдандыру (Бастөбе, Ортатөбе, Кіші төбе, Жылыбұлақ). Тұрғын ауылдарды қоқыстан тазартып, аймақтың экологиясын жақсарту. Маусымдық ауылшаруашылық жұмыстарына қатысу. Арықтарды тазартып, осал жерлерін бекіту, тас, қиыршық, құм дайындау. Әлеуметтік мәдени ошақтардың ауласын қоқыстан тазартып, қоқыстарды шығарып тастау. Тұрмыс деңгейі төмен отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек алуы үшін құжаттарын толтыруға көмек көрсету. Мәдени және спорттық мақсаттағы ауқымды іс-шараларды (спорт жарыстары, фестивальдар, басқа да әртүрлі мерекелер) ұйымдастыруға көмектесу. Соғыс ардагерлеріне және жалғыз басты қарт адамдарға көмек көрсету. Ақпарат орталықтарындағы сайлау, әлеуметтік іс-шаралар науқандары кезеңіндегі жұмыстарды атқаруда көмек көрсету. Елді мекендердегі</p>	Ең төменгі еңбекақы мөлшерінде	

		бұзылған ғимараттардың қалдықтарды шығару.	үйлер орнын	мен тазартып,	Жергілікті бюджет	
9	Қаңбақты ауылдық округі	Ауылдық көгалдандыру, Дөңши, Қоқыстан экологиясын ауылшаруашылық қатысу. осал қиыршық, Әлеуметтік ауласын, қоқыстарды Тұрмыс отбасыларына көмек толтыруға және ауқымды жарыстары, да ұйымдастыруға ардагерлеріне, адамдарға Ақпарат орталықтарындағы іс-шаралар науқандары жұмыстарды көрсету. бұзылған ғимараттардың қалдықтарды шығару.	округтерді (Ақиық, Тұрғын тазартып, жақсарту. Арықтарды жерлерін бекіту, құм мәдени қоқыстан шығарып деңгейі атаулы үшін көмек спорттық іс-шараларды фестивальдар, әртүрлі көмектесу. жалғызбасты көмек сайлау, әлеуметтік атқаруда Елді үйлер орнын	көркейтіп, Алмалы, ауылдарды аймақтың Маусымдық жұмыстарына тазартып, тас, дайындау. ошақтардың тазартып, тастау. төмен әлеуметтік құжаттарын Мәдени мақсаттағы (спорт басқа мерекелер) Соғыс қарт көрсету. мен тазартып,	Ең төменгі еңбекақы мөлшерінде	Жергілікті бюджет
		Ауылдық көгалдандыру (Қарақұм). Қоқыстан экологиясын	округтерді Тұрғын тазартып,	көркейтіп, (Көпбірлік, ауылдарды аймақтың жақсарту.		

10	Қызылбалық ауылдық округі	<p>Әлеуметтік мадени ошақтардың ауласын қоқыстан тазартып, қоқыстарды шығарып тастау. Тұрмыс деңгейі төмен отбасыларына атаулы әлеуметтік көмек алуы үшін құжаттарын толтыруға көмек көрсету. Мәдени және спорттық мақсаттағы ауқымды іс-шараларды (спорт жарыстары, фестивальдар, басқа да әртүрлі мерекелер) ұйымдастыруға көмектесу. Соғыс ардагерлеріне, жалғыз басты қарт адамдарға көмек көрсету. Ақпарат орталықтарындағы сайлау, әлеуметтік іс - ш а р а л а р науқандары кезеңіндегі жұмыстарды атқаруда көмек көрсету.</p>	Ең төменгі еңбекақы мөлшерінде	Жергілікті бюджет
11	"Қаратал ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі	<p>Әскер жасына жеткен азаматтарды тізімдеуге көмек көрсету.</p>	Ең төменгі еңбекақы мөлшерінде	Жергілікті бюджет
12	"Қаратал ауданының әйелдерді қолдау орталығы" қоғамдық бірлестігі	<p>"Біз жарқын болашақты қолдаймыз" жасөспірім балалар мен мектеп жасындағы балалар арасында құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстарын ұйымдастыруға көмек көрсету. "Біз Сіздерге ризамыз" Ұлы Отан соғысы ардагерлері мен еңбеккерлеріне, және жесір қалған әйелдеріне әлеуметтік көмек көрсету. "Түсіну" жобасы қоғамдағы әлжуаз топтарға және жағдайы төмен отбасыларына көмек көрсету.</p>	Ең төменгі еңбекақы мөлшерінде	Жергілікті бюджет
	"Қазақстан Республикасы курдтарының "Барбанг"			

13	қауымдастығы" аймақтық қоғамдық бірлестігінің Талдықорған аймақтық филиалы	"Шұғыла" құрт халқының салт-дәстүрімен таныстыру олардың өнерлерін және жұмыстар атқаруға көмектер көрсету.	Ең төменгі еңбекақы мөлшерінде	Жергілікті бюджет
14	"Қазақ соқырлар қоғамы" қоғамдық бірлестігі Қаратал бастауыш ұйымының" кооперативтік қоры	"Үміт" жобасы бойынша көзі көрмейтін зағип мүгедектерді біріктіру, еңбекке, білімге, мәдениетке және спортқа баулу жұмыстарын іске асыру барысында көмектер көрсету	Ең төменгі еңбекақы мөлшерінде	Жергілікті бюджет
15	Алматы облысы мемлекеттік мұражайлық Қаратал аудандық филиалы	Мұражайдың реттестіруге көмек көрсету. Мұражай мекемесінің ауласын сыпыру және гүлдерді күтіп-баптау жұмыстарын жүргізу.	Ең төменгі еңбекақы мөлшерінде	Жергілікті бюджет
16	"Қаратал ауданының спорт және дене тәрбиесі бөлімі" мемлекеттік мекемесі	Кең көлемді мәдени шараларды ұйымдастыруда қатысу, орталық стадионды қоқыстардан тазарту және көркейту, қалпына келтіру жұмыстарына қатынасу. Спорттық шараларды өткізуге көмектесу.	Ең төменгі еңбекақы мөлшерінде	Жергілікті бюджет
17	Мемлекеттік зейнетақы төлеу жөніндегі орталығының Алматы облыстық филиалы	Тұрғындарға қызмет көрсетудің сапасын анықтау мақсатында келушілердің әрқайсысына сауалнама бланкілерін тарату, толтыру тәртібін түсіндіру, іс қағаздарын реттеу, тігу жұмыстарында көмектер көрсету.	Ең төменгі еңбекақы мөлшерінде	

	Қаратал аудандық бөлімшесі			Жергілікті бюджет
--	----------------------------	--	--	-------------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК